

Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін бірыңғай тариф кестесі негізінде еңбекке ақы төлеудің жаңа шарттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 20 қазан N 888. Ескерту. ҚРМК-нің 28 сәурдегі 1994 ж. N 439 қаулысын көтеру керек. Ескерту. 1994 жылдың 1 шілдесінен бастап дәрігерлердің орта және кіші медицина қызметкерлерінің лауазымдық окладтары (ставкалары) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін. Бірыңғай тариф кестесі негізінде еңбекке ақы төлеудің жаңа шарттары туралы 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысымен енгізілген Бірыңғай тариф кестесінің тиісті разрядтарынан бір разрядқа жоғары көтерілсін - ҚРМК-нің 15 маусым 1994 ж. N 634 қаулысымен өзгерістер енгізілген. Ескерту. Осы қаулыда көзделген еңбекке ақы төлеудің шарттары ҚМЭБИ-ның (Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау Институтының) қызметкерлеріне қолданылсын - бұл өзгерістер ҚРМК-нің 21 маусым 1994 ж. N 696 қаулысымен енгізілген. Ескерту. Осы қаулысында көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары Мектептің профессор-оқытушы құрамы мен басқа да қызметкерлеріне қолданылсын - ҚРМК-нің 1995 ж. 11 қантардағы N 35 қаулысына сәйкес. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.01.09. N 31 қаулысымен.

Халық шаруашылығы салаларында қолданылып жүрген жалақыны ұйымдастыру принциптері экономиканы орталықтан басқарудың құрамды бөлігі ретінде қалыптасқан және қазіргі кезеңде еңбекке ақы төлеу жүйесі оны қолдану өрісін бағалауда нақты айырмашылықтарды бейнелеуден қалды, еңбек ресурстарын қалыпты ұдайы өндіруді қамтамасыз етпейді және еңбекті қуаттауда өзінің маңызын жойды. Күрделілігі тең еңбекке ақы төлеуде салааралық бір ізділік қамтамасыз етілмейді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің "Ең төменгі жалақы және еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы" Қазақ КСР-інің Заңын күшіне енгізу туралы" қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін Бірыңғай тариф кестесі енгізілсін.

Халық шаруашылығының барлық салалары үшін ортақ:

N 1 қосымшаға сәйкес қызметкерлердің біліктілік топтары бойынша сараланған разрядаралық тарифтік коэффициенттер;

№ 2 қосымшаға сәйкес қызметкерлердің барлық санаттары үшін Бірыңғай тариф кестесін қолданудың негізгі шарттары бекітілсін.

Бірыңғай тариф кестесін құру, халық шаруашылығының барлық салалары қызметкерлерінің тарифтік ставкалары мен лауазымдық окладтарын есептеу үшін бастапқы негіз жалпы республика бойынша заң жүзінде тағайындалған ең төменгі жалақы мөлшері болып белгіленсін.

Бірыңғай тариф кестесі және разрядаралық коэффициенттер негізінде есептелген тарифтік ставкалар мен лауазымдық окладтар еңбекке ақы төлеудің кепілді ең төменгі дәрежесі болып тағайындалсын және тарифтік келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасуда негіз болып белгіленсін.

Ескерту. 1-тармағының үшінші абзацы қызметкерлердің біліктілік топтары бойынша сараланған разрядаралық тарифтік коэффициенттерге қатысты жері - күші жойылған Қ.Р.К.М. 1994 ж. 15 қарашадағы № 1289 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, корпорациялары, концерндері, қауымдастықтары, жергілікті әкімшіліктердің басшылары, меншіктің барлық түрлеріндегі бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Бірыңғай тариф кестесін енгізу, қызметкерлердің кәсібіне, мамандығына, атқарып жүрген жұмыстарының күрделілігі мен жағдайларына қарай олардың тарифтік ставкалары мен лауазымдық окладтарының нақты мөлшерлерін талдап жасау жөнінде дайындық жұмыстарын жүргізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым академиясымен және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісе отырып, 1993 жылғы 1 қаңтарға дейін салалық коэффициенттері әзірлеп, бекітетін болсын.

4. Осы қаулыда көрсетілген Бірыңғай тариф кестесінің коэффициенттері негізіндегі ставкалар мен еңбекке ақы төлеудің басқа шарттары мына мерзімдерде енгізілетін болып тағайындалатын болсын:

- халыққа білім беру және денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет, архив мекемелері, ғылым және ғылыми қызмет көрсету және бюджеттен қаржыландырылатын басқа да ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлері үшін - 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап;

- экономиканың шаруашылық есептегі секторының кәсіпорындары мен ұйымдары бойынша осы мақсаттар үшін қаржы іздестіріп табуына қарай енгізеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының Мемэкономкомымен бірлесе отырып 1993 жылғы 1 наурызға дейін қызметшілердің жалпы салалық лауазымдары мен жұмысшылардың кәсіптері бойынша біліктілік талаптарды әзірлеп, бекітетін болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы мақсаттарға жұмсалатын шығындарды қаржыландырудың тәртібі мен көздері туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізетін болсын.

5. Еңбекке ақы төлеу реформасының негізгі кезеңдері аяқталғанға дейін аудандық коэффициенттердің, биік таулы, далалық және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін берілетін коэффициенттердің бұрынғы тағайындалған мөлшерлері қ о л д а н ы л а т ы н б о л ы п ;

өтемақы төлемдері мен үстеме ақының мөлшерін кәсіпорындар дербес белгілейді, бірақ ол қолданылып жүрген нормативтік актілерде тағайындалған мөлшерден төмен болмауға тиіс. Үнталандыру төлемдері кәсіпорындармен дербес белгіленеді және қолда бар қаражат шегінде төленеді. Қосымша төлемдер мен басқа да төлемдердің мөлшері мен шарттары ұжымдық шарттармен а н ы қ т а л а т ы н б о л ы п ;

меншіктің және қожалық етудің түрлеріне қарамастан қызметін жүзеге асыруда қызметкерлерді жалдаудың контракттылық әдісін қолданатын кәсіпорындар еңбекке ақы төлеудің негізгі дәрежесі ретінде Бірыңғай тариф кестесіне сәйкес есептелген ставкаларды қолданатын болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің қатысуымен 1992 - 1993 жылдары " Аймақтардың айрықша қиын табиғи-климаттық жағдайлары мен аумақтық-климаттық жағдайлары мен аумақтық-экономикалық дамуы - еңбекке ақы төлеуді аймақтық саралаудың факторы" тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының кешенін іске асыратын, халық өмірінің табиғи жағдайларын және экологиялық ахуалды есепке ала отырып, аумақтарды табиғи-климаттық аймақтар бойынша егжей-тегжейлі аудандарға бөлуді және аумақтарды аудандарға бөлу мен коэффициенттердің ең аз мөлшерінің көлемін белгілеу жөнінде әдістемелік нұсқауларды әзірлеуді жүзеге асыратын болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы мақсаттарға Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының есебіне сәйкес қаржы бөлінуін көздейтін б о л с ы н .

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы мен Мемстаткомы 1993 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының әдістемелік нұсқаулары негізінде аймақтар бойынша коэффициенттердің нақты мөлшерлерін белгілейтін және халықтың өмір сүру жағдайларына қарай әрбір табиғи-климаттық және экологиялық аймақта өмір сүру құнының айырмашылығын есепке алатын ең төменгі жалақыны аймақтық саралауды жү з е г е а с ы р а т ы н б о л с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі ғылыми ұйымдардың және мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, корпорациялардың, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың қатысуымен Халықаралық стандартты жіктеу принциптері негізінде 1993 жылдың аяғына дейін қызметкерлердің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын әзірлейтін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының Мемэкономкомының қатысуымен түпкі жоғарғы нәтижелерге жетуді, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруды, сондай-ақ халық тұтынатын тауарлар шығаруды ынталандыру мақсатында агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің еңбегіне заттай ақы төлеу тәртібін әзірлейтін және оны қолдануды кеңейтетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулыға сәйкес ең төменгі жалақы көрсеткіші мен Бірыңғай тариф кестесінің енгізілуіне байланысты жұмыс істеушілердің жалақысының толық статистикалық есебін алуды ұйымдастыратын болсын.

10. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып Үкімет шешімдеріне осы қаулыдан туындайтын өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 20 қазандағы
N 888 қаулысына
N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 20 қазандағы
N 888 қаулысына

№ 2 қосымша

Қызметкерлердің барлық санаттары үшін
(халық шаруашылығының барлық салалары үшін ортақ)
Бірыңғай тариф кестесін қолданудың негізгі шарттары

1. Бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, концерндер, қауымдастықтар Бірыңғай тариф кестесі және заң бойынша тағайындалған ең төменгі жалақы мөлшері негізінде өндіріс жағдайлары мен өздерінің мүмкіндіктеріне сүйене отырып тарифтік ставкалардың нақты мөлшерін дербес өз і р л е й д і .

2. Жұмысшы кәсіптерінің жаңа Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы мен қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасын күшіне енгізгенге дейін кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Бірыңғай тариф кестесінде ескерілмеген кәсіптер мен лауазымдарды еңбектің күрделілігі мен біліктілік дәрежесіне қарай тиісінше кестенің белгілі бір біліктілік тобына сәйкестендіріп, өздері дербес с а р а л а п б е л г і л е й д і .

3. Орынбасарлардың ставкаларын тиісті басшылардың ставкаларынан 10-20 процент төмен, ал көмекшілер мен ассистенттердің ставкаларын 20-30 процент төмен тағайындау ұсынылады.

4. Меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларының нақты алатын жалақыларының дәрежесі кәсіпорындарда, ұйымдарда нақты қалыптасқан орташа жалақының 10 еселік дәрежесінен артпауға тиіс.

5. Қызметкерлерді қайтадан тарификациялау кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде тағайындалған мерзімдерде өткізілуге тиіс, бірақ ол кемінде 3 жылда бір рет болуға тиіс.

6. Өндіріс учаскесіндегі шебердің тарифтік ставкасын учаскедегі орташа жұмыс разрядының тарифтік ставкасынан 3 дәреже жоғары тағайындау, цех бастығының оклады инженердің ең төменгі ставкасынан 2 есе жоғары, ал бөлім басшысының оклады бөлімдегі білікті маманның окладынан 3 топ жоғары тағайындау ұсынылсын.

7. Толық емес жұмыс күні немесе оның жұмыспен толық қамтамасыз етілмеуі жағдайында, сондай-ақ уақытша немесе бір жолғы сипаттағы жұмысқа еңбек ақы төлеу үшін нақты атқарылған жұмысқа сағаттық ақы төлеу қолданылсын.

8. Жеңілдіктер мен өтемақының ең аз мөлшері Бірыңғай тариф кестесі

негізінде есептелген тарифтік ставкаларға процент түрінде белгіленеді. Ұжымдық шарттар мен тарифтік келісімдерде бұл мөлшерде еңбекке ақы төлеуге арналған қолда бар қаржы шегінде көбейтілуі мүмкін.

9. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары тиісті кәсіптік бірлестіктермен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің келісімі бойынша қызметкерлердің басқа санаттары бойынша біліктілік талаптарды, сондай-ақ осы лауазымдарды Бірыңғай тариф кестесінің еңбекке ақы төлеу разрядтарына жатқызудың тәртібін әзірлейтін және бекітетін б о л с ы н .

10. Қазақстан Республикасының Мемстаткомының ресми деректері негізінде облыс әкімдерінің олардың аумағында қалыптасып отырған тұтыну бағасы индексінің өзгеруіне байланысты тиісті бюджеттің қаражаты есебінен Бірыңғай тариф кестесінің әуелгі разрядының айлық тарифтік ставкасының (лауазымдық окладтың) мөлшерін арттыруға, Бірыңғай тариф кестесінің тарифтік коэффициенттеріне сәйкес облыстың бюджеттік ұйымдарының барлық қызметкерлері үшін ставкалар мен окладтарды бір мезгілде арттыруға хұқық б е р і л е д і .

11. Осы қаулыға сәйкес қызметкерлер үшін коэффициенттерді, үстеме ақылар мен жеңілдіктерді есепке ала отырып енгізіліп жатқан ставкалар мен окладтар коэффициенттерді, үстеме ақыларды және жеңілдіктерді қоса есептегендегі қолданылып жүрген ставкалар мен окладтардан төмен болған жағдайда, бұл қызметкерлерге осы бюджетті мекемеде және ұйымда сол жұмыста немесе басқа жоғары лауазымда жұмыс істеген уақытына жалақының тиісті айырмашылығы (жеңілдіктерді есепке ала отырып) төленеді.